


16-тарау.

Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар



Бюджеттен тыс қорлардың мәні, тағайындалуы мен түрлері

Бюджеттен тыс қорлар – мемлекеттік қаржының маңызды буыны, елдің қаржы жүйесінің құрамдас бөлігі.

Бұл орталық немесе жергілікті билік органдарының иелігіндегі, нысаналы бағыты бар қаржы ресурстарының жиынтығы. Бюджеттен тыс қорлар ұлттық кірісті халықтың белгілі тобының пайдасына қайта бөлу негізінде құралады.

Бюджеттен тыс қорларды құру мемлекетте қаржыландырылуы керек белгісіз шығыстардың пайда болуымен шарттастырылған.

Бюджеттен тыс қорлар келесілерге байланысты үлкен мәнге ие болады:

- экономиканың басым сфераларын қосымша қаражаттармен қамтамасыз етеді;
- халық үшін әлеуметтік қызметтер спектрін кеңейтуге мүмкіндік жасайды.

Бюджеттен тыс қорлар келесідей ерекшеліктерге ие:

- олардың өмір сүруі билік органдарымен негізделген, жоспарланған және олар нысаналы бағытқа ие;
- негізінен заңды және жеке тұлғалардың міндетті аударымдары есебінен қалыптасады;
- қорларға салынатын жарналар салық табиғатына ие, жарналар тарифі мемлекетпен белгіленеді және міндетті болып табылады;
- олар бюджет құрамына енбейді, бірақ олармен бірге шоғырландырылады, басқа мақсаттарға алып қоюға жатпайды;

- қордан қаражаттарды жұмсау үкіметтің немесе қор басқармасының нұсқауы бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекетте ақшалай арнайы қорлар бюджетке дейін пайда болған. Мемлекет өз функцияларын кеңейтті және оған өз шығыстарын өтеу үшін көп қаражат қажет болды. Бұл қаражаттар уақытша сипаттағы арнайы қорларда жинақталады. Өз рөлін орындағаннан кейін олар өз қызметін тоқтатады.

Орталықтандырылған мемлекет нығайды, қорларды сәйкестендіру жүргізілді. Қорлардың бір бөлігі бюджетке біріктіріледі, ал қалған бөлігі жергілікті сипатта қалып, бюджеттен тыс деп аталады.

Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар, оларды құру мақсаты, функциялары анықталған, қалыптастыру көздері, пайдалану тәртібі мен бағыты көрсетілетін заңды актілер негізінде құрылады.

Тәуелсіз ҚР қалыптасуы әлеуметтік-экономикалық дамудың тапсырмаларын шешу үшін бюджеттен тыс қорларды құру қажеттілігін талап етті. Мемлекеттік қаржы ресурстарының бөлігін қатаң функционалды мақсаттарға жұмсауды оқшауландыруды талап етті, ол мемлекеттік бюджетке тән емес шығыстарды жеңілдетеді және тапшылықты төмендетеді.

Бұл мемлекеттің қызметімен байланыссыз шығыстардың бөлігін арнайы органдарға жүктеу, сонымен қатар әлеуметтік қажеттіліктерге шығыстарды бөлу мен шектеу, нарықтық экономиканы қалыптастыруда халықты, олардың өмір сүру деңгейін қорғау үшін, оларды жабу көздерін табу қажеттілігінен туындайды.

Бұл тапсырманы Зейнетақы қоры, әлеуметтік сақтандыру қоры, халықты еңбекпен қамтудың мемлекеттік қоры, жол қоры, әртүрлі тағайындалудағы инновациялық қор және т.б. шешуге арналған.

Жекелеген қорлар экономикалық дағдарыс жағдайында қорлардың қаражаттарын қалыптастырудың қиыншылығына, еңбек құралдарын жұмылдырудың иелендірілуіне, субъектілердің бөлу үшін ресурстарды қайтарымсыз пайдалануда қорларды қалыптастыруға қызығушылық тудырмауына байланысты уақытша әрекет етті. Сонымен қатар құрылатын қорлардың құқықтық негіздері жетілдірілмеді.

Шаруашылық субъектілері (заңды тұлғалар мен кәсіпкерлер) мен азаматтар ақшалай қаражаттар бөлігін қайтарымсыз тәртіппен енгізу қажеттілігімен ауырлатылған.

Егер де осындай қорларды қалыптастыру көзі болып пайда табылса, онда шаруашылық субъектісі өз ресурстары мен түпкілікті тұтынудың ұдайы өндірісі мүмкіндігінен шектеледі.

Егер де осы қорларға аударымдар өнімнің өзіндік құнына енгізілсе, онда оларды тұтынушы төлейді, өйткені өзіндік құн шығындар әдісі бойынша бағаның негізі болып табылады.

Осылайша, мемлекеттің осындай қорларды құру туралы идеясы қайта бөлудің үстеме процестеріне әкеледі, ол экономикалық субъектілердің немесе азаматтардың мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін. Бұл олардың тарапынан теріс болып табылады.

Бірақ құрылған бюджеттен тыс қорлар, оларды құру қиындығына қарамастан, соңынан қоғамда теңгерімділік пен тұрақтылықты ұстаудың күшті құралы, жергілікті және жалпы мемлекеттік көлемде халықтың жекелеген топтарын әлеуметтік қолдау құралы, барлық экономика немесе аймақтың мүддесінде белгілі мақсатты бағдарламаларды іске асыру, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму және азаматтар кірістерінің деңгейін теңестіру механизмі болады.

Егер де қорды құру көзі болып заңды тұлға табылса, ал оның тұтынушылары азаматтар болса, онда топтық және қоғамдық мүдделер қақтығысы пайда болады.

Қаржы қатынасының осы нысанының әлеуметтік-экономикалық мәні тұтас алғанда барлық бюджеттен тыс қорлар қоғам мүддесі үшін жүзеге асырылатындығында.

Арнайы бюджеттен тыс қорлардың мемлекеттік бюджетпен қатар жұмыс істеуі тор мамандандырылған сферада және қаржы қызметінің әртүрлі бағыттарында қаржы қатынастарын түрлендіруге мүмкіндік береді.

Бюджеттен тыс қорлар келесілерге мүмкіндік береді:

- мемлекетке экономикаға араласу үшін қосымша қаражаттарды иеленуге;
- оларды қатаң нысаналы түрде пайдалануға бағыттауға;
- оларды бюджет тапшылығын жабу үшін пайдалануға.

Бюджеттен тыс қорлар келесі белгілер бойынша жіктеледі:

Нысаналы белгісі бойынша:

- әлеуметтік;
- экономикалық;
- ғылыми-зерттеу;
- инновациялық;
- табиғатты қорғау (экологиялық);
- көші-қон;
- қоғамдық тәртіпке ықпал ету;
- мәдени бағыт және т.б.

Басқару деңгейі бойынша:

- мемлекетаралық;
- мемлекеттік;
- аймақтық (жергілікті);

Экономикалық қорлар экономикалық мәселелерді шешуге, әлеуметтік қорлар әлеуметтік тапсырмаларды шешуге арналған.

Мемлекеттік қорлар мемлекет деңгейінде, аймақтық қорлар аймақ деңгейінде қалыптасады.

Мемлекеттік емес бюджеттен тыс қорлар нысаналы бағыты бойынша әртүрлі болады.

Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар үнемі бюджет құрамына енді немесе оның құрамынан шығады.

Бюджеттен тыс қорлар арқылы қаржы ресурстарының маңызды көлемі қайта бөлінеді. Қазақстан Республикасында қорлардың қаражаттары республикалық бюджетте шоғырландырылған. Бірақ әлемдік тәжірибеде жедел басқару, қоғам тарапынан қаражаттарды жұмсауға тиісті бақылауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттің қаржы ресурстарын орталықсыздандыру мен автономды қалыптастырудың тиімділігін растайды.

Бюджеттен тыс қорлар (БТҚ) екі жолмен құрылады:

- бюджеттен қаражаттар бөлу;

Бюджеттен тыс қорларды кірістердің меншікті көздерінен белгілі мақсат үшін қалыптастыру.

Қорларды құру және пайдалану тәртібі қаржылық құқықпен анықталады.

Нысаналы бюджеттен тыс қорлар нысаналы пайдалануға арналған. Қор атауында қаражаттарды жұмсау мақсаты көрсетілген.

Ұлттық кіріс – бюджеттен тыс қорлардың материалдық көзі. Оны қайта бөлуде қорлардың негізгі бөлігі құрылады.

Бюджеттен тыс қорлардың кірістеріне келесілер жатады:

- сәйкес қор үшін белгіленген арнайы нысаналы салықтар мен алымдар;
- ұйымдардың өзіндік құны немесе пайдасынан аударымдар;
- құрылтайшысы қор болып табылатын кәсіпорындар қызметінен пайда;
- бюджет қаражаттары;
- қордың мемлекеттік бағалы қағаздарға салымынан алынған пайыздар немесе дивидендтер;
- қордың ҚР ҰБ алған заемдары;
- акшалай заттай материалдарды жүргізуден түскен кірістер;
- үнемделген ресурстар;
- жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары мен қайыр-садақалары.

Арнайы салықтар мен алымдар заңнамамен белгіленеді.

Қорлардың көп бөлігі орталық және жергілікті бюджеттердің субсидиялар немесе салықтардан аударым қаражаттары есебінен қалыптасады. Қарыз қаражаттар да бюджеттен тыс қорлардың кірістері бола алады.

Бюджеттен тыс қорларды қалыптастыру көзі, олар шешу үшін құрылған тапсырмалар арқылы анықталады. Елдің экономикалық және қаржылық жағдайы олардың әртүрлілігіне белгілі тарихи кезеңде әсер етеді.

Осылайша бюджеттен тыс қорларды қалыптастыру кездері тұрақты немес уақытша және ел аумағында әртүрлі болуы мүмкін.

Бюджеттен тыс қорлар салықтар мен кедендік баждар бойынша жеңілдіктерге ие.

Бюджеттен тыс қорларға түсетін қаражаттардың жұмсалыу бағыты қорлардың тағайындалуымен іске асырылатын бағдарламалардың экономикалық жағдайы және мазмұнымен

шарттастырылған. Қаражаттардың бір бөлігі кәсіпорындардың жарғылық капиталына, келесі бөлігі бағалы қағаздарға салу үшін бағытталады.

Бюджеттен тыс қорлар қор нарығының инвесторлары және қатысушылары бола алады:

- жарғылық қызмет – нысаналы шараларды қаржыландыру;
- мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестициялау;
- коммерциялық қызмет.

Бюджеттен тыс қорлар қаржы жүйесінің басқа элементтерімен бір жақты және көп жақты қаржылық байланысқа түседі.

Бір жақты байланыста ақшалай қаражаттар бір бағытта жүреді: қаржы буынынан бюджеттен тыс қорға дейін немесе керісінше. Бұл қорды қалыптастыруда немесе оның қаражаттарын пайдалануда жүреді.

Екі жақты байланыста ақша ағыны екі бағытта жүреді: бюджеттен тыс қорларға қаржы жүйесінің басқа буындарынан және олардан. Мысалы, әлеуметтік сақтандыру қорларында ақшаның түсуі сақтандыру жарналары және орталық бюджет қаражаттары есебінен жүргізіледі. Келесі жағынан, оң сальдода бюджеттен тыс қорлар бағалы қағаздарды сатып алады және бюджеттің кредиттары болады.

Көп жақты байланыста бір бюджеттен тыс қор бір мезгілде бюджет жүйесінің әртүрлі буындарымен, оның ішінде басқалай бюджеттен тыс қорлармен өзара іс-қимыл жасайды және олардың арасында әртүрлі бағыта қозғалады.

Бюджеттен тыс қорлардың мәні зор. Олар келесілерге мүмкіндік береді:

- шаруашылық субъектілерін қаржыландыруды, субсидиялауды, несиелеуді жүзеге асыруға және осылайша ЖІӨ көлеміне әсер етуге;
- қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды арнайы көздер мен ауа бассейніне тасталынады, су бассейніне ағындар мен жерді ластайтын қатты қалдықтарды құрғаны үшін төлемдер есебінен қаржыландыруға;
- жұмыс істейтін және еңбекке қабілетсіз азаматтарға әлеуметтік қызмет көрсете отырып тұрғындарға жәрдемақы мен зейнетақы төлеуге;

- ел бюджеті мен шетелдік мемлекеттерге кредиттер беруге.

Бюджеттен тыс қорларды құру құқығы билік органдарында қатысты: республикалық, облыстық және аудандық. Оларды құру тәртібі әрекеттегі заңнамамен анықталады.

Республикалық бюджеттен тыс қорлар аумақтардан республикалық бюджетке жиналатын, салықтар есебінен, ал аймақтық бюджеттен тыс қорлар – жергілікті көздер есебінен құрылады.

Нысаналы бағыттағы бюджеттен тыс қорлар мемлекеттік билік органдарының иелігінде болады, бірақ заңнамаға сәйкес белгілі құқығы мен міндеті бар, осы үшін арнайы құрылған аппаратпен басқарылды.

Негізгі мемлекеттік нысаналы қорларға ҚР келесілер жатады:

Мемлекеттік зейнетақы қоры.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры.

Ұлттық қор.


Мемлекеттік мақсатты қорлар мемлекеттік бюджет құрамында шоғырланады. Заңнамада олар үшін кірістерді қалыптастыру көздері, әрбір көзден қаражаттардың түсу нормалары мен шарттары бекітілген.

Мемлекеттік бюджеттен тыс қорларға республикалық бюджеттен кірістер мен шығыстар арасындағы уақытша алшақтықты жабу үшін дотациялар мен ссудалар бөлінуі мүмкін. Кірістер шығыстардан артық болғанда айырмашылық республикалық бюджетке алынады.

Бюджеттен тыс қорларды сәйкес бюджеттермен біріктіру қажеттілігі олардың ресурстар түсімі мен оны пайдалануға қаржылық бақылаудың жеткіліксіздігінен туындаған, өйткені салық органдары осы қаражаттар үшін жауапкершілікті алмайды.

Мемлекеттік бюджеттен тыс арнайы қорлар мақсатты ақшалай қаражаттарды әртүрлі әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін керек етеді. Олардың құрамы, бағыттылығы мемлекеттің жүргізіп отырған әлеуметтік саясатымен, оның қоғам дамуының қазіргі кезеңдегі мақсаттарымен, сонымен қатар экономиканың мүмкіндіктерімен анықталады.

Әлеуметтік қордың мақсаты қордың атауында көрсетілген. Бюджеттен тыс қорлар мемлекеттің меншігінде болады, бірақ автономды жұмыс жасайды. Бюджеттік банкте (қазынашылық басқармасы) оларға бюджеттік шоттар ашылады.



**ҚР зейнетақы нарығы:
құрылымы, жұмыс істеу
принциптері мен болашағы**

Жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінің басты буыны болып табылады.

Зейнетақы қоры дербес қаржы банк жүйесі ретінде құрылған және оның қаражаттары мемлекеттік бюджет құрамына енбейді. Зейнетақы қоры әлеуметтік қамсыздандыру органдарын алмастырмайды, қайталамайды. Оларға зейнетақы мен жәрдемақыны тағайындау мен төлеу қалады. Ол мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыруға, қор қаражаттарын өсіру үшін коммерциялық қызметпен айналысуға рұқсат берген резервтерді құрайды.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары өкілетті органмен келісім бойынша филиалдар мен өкілдіктерді ашуға құқылы, бірақ бір жинақтаушы зейнетақы қоры келесі жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы бола алмайды. Зейнетақы қорының басқарушы органы – төрағалы басқарма.

Қазақстанда бір мемлекеттік және бірнеше жеке жинақтаушы зейнетақы қоры бар.

ҚР мемлекеттік бюджеттен тыс арнайы зейнетақы қоры елдің зейнеткерлік жасына толған азаматтарының қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мақсатты ақшалай қаражаттарды қалыптастыру және пайдалану үшін құрылған. ҚР Үкіметі оның құрылтайшысы болып табылады.

Оның қызметі 20.06.1997 жылғы ҚР «ҚР зейнетақымен қамтамасыздандыру туралы» заңымен реттеледі. Онда зейнетақы қорының қаражаттары жұмыс берушілер мен жұмысшылардың сақтандыру жарналары есебінен қалыптастырылады деп белгіленген.

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры келесілерді қаржыландырылады:

Зейнеткерлерге және зейнетақы төлемдерін алатындарға мемлекеттік зейнетақылар, олардың зейнетақы жарналары көрсетілген қорларға аударылған;

Зейнетақы мөлшері заңмен белгіленген деңгейден төмен болғанда, қосымша төлем ретіндегі әлеуметтік жәрдемақы, зейнеткерлерді жерлеуге жәрдемақы.

Бұл қор инвестициялық қызметті зейнетақы активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарға, банк депозиттеріне, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына, бағалы қағаздар нарығын реттеу бойынша өкілетті органмен анықталған тәртіп бойынша орналастыру жолымен жүзеге асырады.

Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары акционерлік қоғам нысанында құрылады және оған мемлекеттік кәсіпорындар немесе жарғылық капиталына мемлекет үлесі бар кәсіпорындардан басқа, ҚР резиденттері болып табылатын, заңды және жеке тұлғалар құрылтайшы бола алады.

ҚР зейнетақы қоры – өз қызметін зейнетақымен қамтамасыздандыруды тиімді мемлекеттік басқару мақсатына, әрекеттегі заңнамаға сәйкес жүзеге асыратын дербес қаржы–несие мекемесі. Оның мақсаты – адаммен жасалынған өмірлік игіліктер деңгейін қаражаттарды уақыт пен кеңістікте қайта бөлу жолымен қамтамасыз ету. Адам өз еңбегімен және өткен аударымдарымен болашақта белгілі өмір сүру минимумын қамтамасыз етеді.

Жарналар мөлшері жыл сайын «Республикалық бюджет туралы» заңмен бекітіледі.

Міндетті түрде зейнетақы жарналары кәсіпкерлік қызметпен айналысатын (жұмыс беруші) заңды және жеке тұлғамен кірісті төлеу көзінен ұсталынады және өнім, жұмыс, қызмет өндірісі шығындарына жатқызылады.

Салық салынатын база болып жұмысшының бірқатар төлемдерін (жұмыстан босану кезінде шығу жәрдемақы, радиацияға ұшыраған азаматтарға жеңілдіктер; материалдық көмек, жол құны, арнайы киім құны, бала күтіміне байланысты

әйелдерге жәрдемақы, дивидендтер, пайыздар және т.б.) алып тасталынғандағы жалақы қоры табылады. Қорға аударымдардың мерзімділігі бір ай.

1998 жылдан бастап зейнетақы реформасын жүргізуге байланысты бұрынғы зейнетақы қоры – мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорын қалыптастыру және пайдалану тәртібі өзгерді.

Заңнамаға сәйкес зейнеткерлік жасына жеткен және 1998 жылға дейін жұмыс істеген азаматтар 2040 жылға дейін зейнетақыны үш көзден алу мүмкіншілігіне ие:

- жалақы қорынан әлеуметтік салық нысанында 7% мөлшерінде аудару есебінен ұрпақтардың ынтымақты жауапкершілігі принципі бойынша құрылған, зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік қордан;
- президенттік қордан базалық зейнетақыны;
- жалақы қорынан салық агентінің 10% аударымы жүргізілген немесе жеке еңбек шығындарын ғана сипаттайтын ерікті жарналар аударылатын жеке жинақтаушы зейнетақы қорынан (ЖЖЗҚ).

Елдің кіріс алатын және зейнеткерлік жасына жетпеген азаматтары аударымдарды жүргізу үшін жеке жинақтаушы қорларымен келісім шарт жасауға, әлеуметтік жеке кодты алуға міндетті.

Зейнетақы қорына кірістердің келесі көздері анықталған:

- жұмыс істеушілердің сақтандыру жарнасы (жалақы қорынан 10%);
- жұмыс берушілердің сақтандыру жарнасы (әлеуметтік салықтан үлес (7%));
- республикалық бюджеттен ассигнация;
- азаматтардың ерікті жарнасы;
- ҚР ҰБ және коммерциялық банктердің несиелері.

Сақтандыру жарнасын төмендегілер төлейді:

- жұмыс істейтін азаматтар;
- жұмыс берушілер ретінде қазақстандық және шетелдік компаниялар;
- заңды тұлға болып құрылмаған кәсіпкерлер;
- лицензия бойынша жеке практикамен айналысатын азаматтар (дәрігерлер, адвокаттар, кеңес берушілер, детективтер, күзетшілер және т.б.)

Зейнетақы қорының бюджеті ҚР Үкіметімен бекітіледі.

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры келесілерді қаржыландырады:

1) зейнеткерлікке шыққан және зейнетақы төлемдерін алатындарға мемлекеттік зейнетақылар, көрсетілген қорлар пайдасына зейнетақы жарналары аударылады, сонымен қатар мүгедектерге;

2) егер де зейнетақы мөлшері заңмен бекітілген ең төменгі деңгейден төмен болса, қосымша түрдегі әлеуметтік жәрдемақы.

3) санаториялық-емдеу аймағында емдеуді жүзеге асыру үшін зейнеткерлерге жеңілдікпен жолдамалар;

4) емханада тағайындалатын емдік құралдарды төлеу бойынша жеңілдіктер;

5) емханада тағайындалатын емдеу қызметтерін төлеу бойынша жеңілдіктер;

6) зейнеткерді жерлеуге жәрдемақы;

7) әскерилерге зейнетақы;

8) зейнеткерлерге өтемақы.

1999 жылдан бастап халықты әлеуметтік қорғауды қаржыландыру мемлекеттік бюджет арқылы, онда әлеуметтік салықты алу мен шоғырландыру есебінен жүзеге асырылады. Сонымен қатар мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы жүйесінде қаражаттардың маңызды бөлігі мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары арқылы барлық сақтандырушылардың міндетті зейнетақы жарналары есебінен шоғырландырылады және жұмсалады.

Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры (МЖЗҚ) – салымшылардың зейнетақы салымдарын тарту және алушыларға зейнетақы төлемдерін беру бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға. Сонымен қатар ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте зейнетақы активтерін қалыптастыру және оларды мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестрлеу бойынша қызметті жүзеге асырады.

Қазақстанда мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорынан басқа мемлекеттік емес жеке жинақтаушы зейнетақы, қорлары (ЖЖЗҚ) жұмыс істейді. ҚР-да кез келген азаматтардан салымдарды қабылдайтын ашық ЖЗҚ, және бір кәсіпорынның

жұмысшыларынан ғана салымдарды қабылдайтын корпоративтік ЖЗҚ бар. Ашық ЖЗҚ бір құрылтайшы 25%-нан аса акцияның пакетін ұстауға құқылы емес деген шектеу бар. Корпоративті ЖЗҚ – да ондай шектеу жоқ.

Егер де зейнетақы жинақтарының құны аз болатын жағдай туындаса, онда қор акционерлері инвестициялық кірісті жоғалтуды үкіметпен белгіленген тәртіп бойынша толтыруы керек.

Міндетті зейнетақы жарнасының салымшысы – міндетті зейнетақы жарнасы есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімшарт жасаған және жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шоты бар жеке тұлға.

16 жасқа толған барлық азаматтар міндетті түрде жеке басын куәландыратын куәлікті, салық төлеушінің тіркеу номерін (СТН) және әлеуметтік жеке кодты алуы керек. Ақшалай қаражатты бюджеттен тыс жинақтаушы зейнетақы қорына аударуда аты–жөнінен басқа әлеуметтік жеке кодты міндетті түрде көрсету керек. Жеке әлеуметтік кодты беруге тегі, аты, әкесінің аты, туылған күні, туылған жері, сақтандырылған тұлға полюсі туралы ақпарат талап етіледі. ЖӘК төл құжат немесе куәлікпен бірге азаматтың идентификаторы болып табылады. Зейнетақы қорында түскен сомалар аты–жөнінен басқа ЖӘК сипаттайтын ақпарат базасына енгізіледі.

Жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналар ҚР «ҚР зейнетақымен қамтамасыздандыру туралы» заңымен анықталған ставкалар бойынша жатады.

ЖЗҚ төлеуге жататын міндетті зейнетақы қорлары зейнетақы жарнасын есептеуге қабылданған, жұмысшының ай сайынғы кірісінен 10% мөлшерінде белгіленеді.

Зейнеткерлік жасына жеткен тұлғалар ЖЗҚ міндетті зейнетақы жарнасын төлеуден босатылады.

Ерікті зейнетақы жарналары – салымшының өз бастамасы бойынша ЖЗҚ алушының пайдасына, ҚР заңнамасымен және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімшартпен анықталатын соманы салу.

Ерікті зейнетақы жарнасын салушылар – ерікті зейнетақы жарнасы есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім шартқа сәйкес, өзінің меншікті қаражаттары есебінен алушының

пайдасына ерікті зейнетақы жарнасын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарнасының ставкасы, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімшарт тараптарының келісімі бойынша белгіленеді, бірақ ол жұмысшының ай сайынғы кірісінің 10%-нан аспауы керек. Сонымен қатар ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы кіріс ҚР Үкіметімен белгіленген тәртіпте анықталады.

Сақтандырылған тұлға, ҚР заңнамасына сәйкес жұмысқа қабылданған кезде немесе азаматтық–құқықтық сипаттағы келісім шартты түзген кезде ЖӘК көшірмесін ұсынуы керек.

Қайтадан құрылған заңды тұлғалар мен жеке төлеушілер қайсібір зейнетақы қорында тіркеу процедурасынан өтуі және олармен жасалынған келісім шарттың көшірмесін әкелуі керек.

Зейнетақы қорларымен бекітілген байланыс – экономикалық субъектінің банкте шот ашуының шарттарының бірі.

Міндетті зейнетақы қаржыларының сомасы жалақыны есептегенде белгіленеді және қорға төлеушілер мен ЖӘК тізімімен жалпы төлем тапсырмасымен аударылады.

Ену кестесіне сәйкес зейнетақы қорына сақтандыру жарналары аударылмайтын бірқатар төлемдер бар. ҚР олардың қатарына жатады:

- міндетті мемлекеттік жеке сақтандыру келісім шарттары бойынша сақтандыру төлемдері;
- жұмысшылардың ұйым меншігін басқаруға қатысуынан алынатын, бағалы қағаздар бойынша кірістер (пайыздар, дивидендтер)
- төтенше жағдайларға байланысты денсаулыққа келтірілген залалды толтыру мақсатында көрсетілетін материалдық қаржылық көмек;
- радиация алған жұмысшыларға өтемақы;
- жұмысшылардың жүріп – тұруына жеңілдіктер және т.б.

Жұмыс берушілердің сақтандыру жарналары өнімнің өзіндік құнына жатқызылады, ал жалақының 10% – жалақы сомасын төлеудің ай сайынғы төмендететін ақша сомасы.

Зейнетақы қорының бюджеті мен шығыстар сметасы, атқару туралы есептер зейнетақы қорының басқармасымен бекітіледі.

Зейнетақы қорын басқаруды барлық қалалардағы, аудандардағы бөлімшелер бағынатын басқарма мен атқарушы дирекция жүзеге асырады. Бөлім жарналарды жинау мен шығыстарды қаржыландыру бойынша ұйымдастыру жұмыстарын қамтамасыз етеді, бөлінген қаражаттарды жұмсауға бақылауға жауап береді.

ЖЗҚ салымшыларының 01.11.2006 ж зейнетақы жинақтары туралы мәліметтер 11-кесте мен 8 суретте көрсетілген.

11-кесте. 01.11.2006 жылға салымшылардың зейнетақы жинақтары туралы мәліметтері.

ЖЗҚ	01.11.2006	% үлесі
Халық банкінің ЖЗҚ	227748	27,0
МЖЗҚ	150077	17,8
Ұлар-Үміт	149755	17,7
БТА Қазақстан	77350	9,2
Грантум	56232	6,7
Вают Гранзит қоры	37524	4,4
Сенім	33623	4,0
Атамекен	21208	2,5
Дем мұнайгаз	20336	2,4
Қазақмыс	19203	2,3
Отан	17968	2,1
Капитал	17549	2,1
Қорғау	12113	1,4
Д.А.Қонаев атындағы	3393	0,4
Барлығы	844079	100,0

Кестеден көріп отырғанымыздай зейнетақы нарығындағы ең үлкен үлесі Халық банкінің ЖЗҚ алып отыр. Тағы екі ірі ЖЗҚ – ХЗҚ – МХЗҚ және Ұлар – Үміт ЖЗҚ.

01.12.2005 жылға халық банкі ЖЗҚ төленген жарғылық капиталы 1 млрд. теңгені, қордың меншікті капиталы – 1,12 млрд. теңгені, зейнетақы активтері – 116 млрд. теңгені құрады. «Ұлар – Үміт» ЖЗҚ салымшылар саны – 1380000 адамды, зейнетақы активтері – 207 млрд. теңгені, инвестициялық кірістері 66 млрд. теңгені құрады.

Әйгілі Қазақстандық компаниялар қорлардың акционерлері болып табылады. Мысалы «Ұлар – Үміт» ЖЗҚ жарғылық капиталы келесі акционер компаниялармен қалыптасқан:

- «Казкоммерцбанк» АҚ;
- «Компания Внешинвест» ЖШС;
- «Хозтовары» АҚ;
- «Алаутрансгаз» АҚ;
- «Қазахмыс» АҚ;
- «Қазақтелеком» АҚ;
- «Қазақмұнай өнімдері» АҚ;
- «Терминал» ЖШС;
- «Семей су» АҚ;
- «AutoCentreButya» АҚ.

Қаржылық дағдарыс кезеңінде қордың инвестициялық кірістердің уақытша төмендеуіне байланысты акционерлер қордың жарғылық капиталына қосымша жарналар жүргізді.

ЖЗҚ салымшылары әр жарты жыл сайын ЖЗҚ ауыстыра алады, сонымен қатар жеңілдіктер ала алады. Мысалы, Халық банкінің зейнетақы қоры жеке тұлғалар үшін келесілерді жүзеге асырады:

- жеңілдетілген несиелеуді;
- «Қазақстан халық банкі» АО депозиттері бойынша қосымша бонустарды;
- «Қазақинстрах» АҚ автокөліктерді сақтандыру бойынша жеңілдіктер.

Заңды тұлғалар үшін:

- жеңілдетілген схема бойынша «бизнес Lights» және «Бизнес Smal» бағдарламалары бойынша несиелеу;
- жеке бағдарламалар бойынша «Қазақстан халық банкі» АҚ карткалық жалақы жобасы;
- тауарлар мен қызметтерді алу үшін серіктес-компаниялардан жеңілдік алу үшін «Налук flu» дисконт клубына қатысу;
- зейнетақы жарналарының түсіміне банкоматтар торабы арқылы банктік комиссиясыз дербес бақылау жасау;
- жеке тәсілді қамтамасыз ету, зейнетақымен қамтамасыздандырумен байланысты кәсіби заңды көмек алу үшін персоналды менеджерді бекіту және т.б.

ЖЗҚ келесі құқықтырғы ие:

- заңнамаға сәйкес комиссиялық сыйақы алуға;
- салымшыға көрсетілетін қосымша қызметтер үшін қордың тарифына сәйкес төлем алуға;
- салық органдарына міндетті зейнетақы жарналары бойынша орындамау жөнінде жүгінуге;
- міндетті зейнетақы жарналарын қабылдауға, салымшылардың зейнетақы жинақтарын кастодиан-банкте қалыптастыруға және сақтауға;
- салымшының зейнетақы жинақтарын жеке есепке алуға жүзеге асыруға;
- компаниямен зейнетақы активтерін, оларға инвестициялық кірісті есептей отырып инвестициялық басқаруға келісім шарт жасауға;
- салымшыларды қор тарифтерімен таныстыруға;
- салымшыға жылына бір рет ақпарат беруге;
- салымшының өтініші бойынша оның жинағын басқа қорға ауыстыруға және т.б.

ҚР зейнетақы жасы әйелдерге 58 жас, еркектерге 63 жас.


Зейнетақы тағайындаумен еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігі айналысады, түскен жарналарды ЖЗҚ арасында бөледі, оларды төлеуді зейнетақыны төлеудің Мемлекеттік орталығы ұйымдастырады. Зейнетақы нарығы субъектілерінің жұмыс істеуіне бақылауды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау бойынша Агенттілік іске асырылады.

Зейнетақылар инфляцияға байланысты үнемі қайта қарастырылып отырады. Байланыс министрлігі зейнетақыларды алушыларға жеткізеді, жинақ банктері зейнеткерлерді нақты ақшамен және нақтысыз есеп айырысумен қамтамасыз етеді.

Зейнетақы қоры кәрілікке, мүгедектік, еңбек өтілі, қамқоршыны жоғалту бойынша зейнетақыны, әлеуметтік зейнетақыны төлеудің көзі болып табылады. Бұл төлемдер әлеуметтік қамсыздандырудың экономикалық категориялар ретіндегі көрінісі. Ол бөлу қатынасының жүйесін көрсетеді, онда азаматтардың белгілі категорияларын материалдық қамсыздандыру мен қызмет көрсету үшін ақшалай қаражаттардың қоғамдық қорлары ұлттық көріністің бөлігі есебінен құралады және пайдаланылады. Әлеуметтік

қамсыздандыру принциптері болып жалпы қол жеткізімділік, өткен еңбектен мөлшер мен қамсыздандыру нысандарына тәуелділігі белгілеу, ұсынылатын қамсыздандыру түрлерінің көп болуы табылады.

18-суретте Қазақстанның зейнетақы нарығының құрылымы көрсетілген.



18-сурет. Зейнетақы нарығының институционалды құрылымы.

ЖЗҚ халықтың міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын тартады және оларды кастодиан – банктегі шотқа аударады.

Зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін басқаруды, оларды бағалы қағаздарға орналастыра отырып зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жүзеге асырылады.

Әртүрлі елдерде зейнетақымен қамтамасыздандырудың өз моделдері қолданылады.

Қазақстанның зейнетақы жүйесі мемлекеттік міндетті және жинақтаушы әлеуметтік қамсыздандырудың аралас моделін көрсетеді, мазмұны бойынша прогрессивті және ынтымалы жүйеден жинақтаушыға өтудің жалпы әлемдік тенденциясы болып табылатындыққа жақын. Зейнетақы нарығына барлық қатысушылар өз қызметтері үшін сыйақы алады.

ЖЗҚ қору ҚР ұзақ мерзімді қаржы капиталын құруды қамтамасыз етеді.

12-кестеде ҚР 2001–2006 жж. аралығындағы зейнетақы жүйесінің көрсеткіштері көрсетілген.


12-кесте. 2001-2006 жж. аралығындағы ҚР зейнетақы қорлары қызметтерінің көрсеткіштері

Көрсеткіш	2001	2002	2003	2004	2005	2006
Салымшылар саны, адам	4630205	5399313	6164316	6974437	7613369	8536002
Зейнетақы жинақтары, млн. теңге	182383	269762	368348	483990	648581	909697
Оның ішінде, инвестициялық кіріс, млн. теңге	49478	77877	99231	114694	155134	255690
Зейнетақы жинақтарындағы инвестициялық кірістің үлесі, %	27,1	28,8	26,9	23,7	23,9	28,1
Зейнетақы жарналары, млн. теңге	43682	65250	83026	103902	132252	171463

Ескерту: ҚР Статистика бойынша ұлттық агенттілігі мәліметтері

Көріп отырғанымыздай зейнетақы қорлары 2006 жылға дейін зейнетақы жинақтары сомаларының 26–29% аралығындағы маңызды инвестициялық кірістері орын алады. Өкінішке орай қаржылық дағдарыс кезінде бұл тенденция сақталмайды.

19 – суретте зейнетақы жинақтарының өсуінің орын алғанын көреміз.



19-сурет. 2001-2006 жж. аралығындағы ҚР зейнетақы жинақтарының серпіні.

«Зейнетақымен қамтамасыздандыру» мен «зейнетақымен сақтандыру» түсініктер арасындағы айырмашылықты айту керек.


Зейнетақымен қамтамасыздандыру материалдық игіліктерді жұмсалған еңбекке айырбастауға емес, арнайы қорлар, орталықтандырылған және бюджеттен тыс қорлар есебінен керекті жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін бөлу нысаны.

Зейнетақымен сақтандыру бұл қарттарды материалдық қорғаудың ең жоғарғы деңгейін құру. Міндетті зейнетақымен сақтандыру азаматтардың міндетті зейнетақымен қамтамасыздандыруға дейін алатын жалақысын өтеуге бағытталған, мемлекетпен құрылатын құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық шараларының жүйесін көрсетеді. Зейнетақымен қамтамасыздандыру деп өмірді сақтандыру түрі түсініледі, онда сақтандырылушы сақтандыру жарнасын төлейді, ал сақтандырушы оған зейнетақы төлеу міндеттемесін алады.

Зейнетақы қорларының активтері инвестициялық ресурстардың маңызды құраушысы және капитал нарығын құраушылардың бірі, елдің қаржы жүйесін тұрақтандырушысы болып табылады. Қазіргі кезде ҚР азаматтары өз кірістерінің 10%-ын ЖЗҚ аударады. Бұл ақшалар инвестицияланады, инвестициялық кірістің 90% салымшының жеке шотына, ал 10% қор қажеттілігіне аударады. Барлық ЖЗҚ қаржылық дағдарыс жағдайында салымшылардың зейнетақы жинақтарын түсімдер деңгейінен төмен түсірді, яғни инвестициялық кіріс теріс болды. Жинақтар сомасын қалпына келтіру мәселелерін қор құрылтайшылары шешуі керек.

2008 жылдың 1 желтоқсанына ҚР республикалық әртүрлі аймағында 17 филиалы мен 48 өкілдігі бар 14 ЖЗҚ қызмет етті. Инвестициялық басқаруға 13 заңды тұлғаның лицензиясы бар. Оның ішінде 9 қор зейнетақы активтерін дербес басқару үшін лицензияға ие. Міндетті зейнетақы жинақтары бойынша салымшылардың жеке шоттарының саны 9565955, олардың ішінде зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы – 1373,4 млрд. теңге, ерікті зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы – 953,2 млн. теңгені құрайды.

Таза инвестициялық кіріс сомасы 290,4 млрд. теңгені құрайды және 2008 жылдың 1 желтоқсанына 21,07 пайызды құрайды, зейнетақы төлемдері – 89,5 млрд. теңге, бір қордан келесі қорға ауыстыру – 310,1 млрд. теңге.



Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры

Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік бюджеттен тыс қорлары нысаналы ақшалай қаражаттарды елдің жұмыс істейтін азаматтарының қажеттілігін қанағаттандыру үшін қалыптастыру мен пайдалану үшін арналған.

ҚР әлеуметтік сақтандыру қоры – бұл келесі тапсырмаларды шешетін ұйым:

- уақытша жарамсыздық бойынша, жүктілік және бала туу бойынша, бала туу кезінде баланы 1,5 жасқа дейін күтуге, жерлеуге, жұмысшылар мен олардың жанұяларын санаторлы-курорттық емдеу мен сауықтандыруға мемлекет кепілдендірген жәрдемақымен қамтамасыз ету;
- жұмысшылар денсаулығын қорғаудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға, әлеуметтік сақтандыруды жетілдіру бойынша шараларға қатысу;
- ҚР Еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі мен ҚР Қаржы министрлігі мен мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға сақтандыру жарналарының тарифтер мөлшері туралы ұсынысты әзірлейді;

Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қоры автономды және қатаң нысаналы болады.

Оның қызметі ҚР 2005 жылдың I қаңтарындағы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» заңымен реттеледі. Онда міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражаттары келесілер есебінен қалыптасады деп белгіленген:

- жұмыс берушілердің сақтандыру жарналарынан;
- республикалық бюджеттен ассигнациялардан;
- азаматтар мен заңды тұлғалардың ерікті жарналарынан;
- заңмен тыйым салынбаған, басқалай қаржылық қаражаттардың түсуінен.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры – жалғыз құрылтайшысы мен қатысушысы мемлекет болып табылатын, акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық емес ұйым.

Қор өз міндеттемелері бойынша өзінің барлық мүлкімен жауап береді.

Қор өз қызметін меншікті активтерінен алатын комиссиялық сыйақы есебінен жүзеге асырады.

Қордың меншікті қаражаттары қордың жарғылық капиталы мен комиссиялық сыйақылардан қалыптасады және тұрады.

Қор келесі құқықтарға ие:


- міндетті әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды жүзеге асыруға;
- бағалы қағаздармен және басқалай қаржы құралдарымен байланысты қызметтермен ҚР Үкіметімен анықталған тәртіпке айналысуға;
- қор қызметін жүзеге асыруға комиссиялық сыйақы алуға;
- әлеуметтік төлемдер Орталығынан қаражаттар қозғалысы туралы ақпарат алуға;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардан қор қызметін қамтамасыз ету үшін керекті ақпаратты талап етуге және алуға.

Қор міндетті:

- орталықтың әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыруы үшін қаражаттарды уақытылы қамтамасыз етуге;
- қордың уақытша еркін қаражаттарын қаржы құралдарына ҚР ҰБ арқылы орналастыру;
- жыл сайынғы аудитті жүргізуді қамтамасыз ету;
- басқалай міндеттемелерді ҚР заңды актілеріне сәйкес атқару.

Қор инвестициялық қызметті активтерді қаржы құралдарына сенім басқарушысы арқылы орналастыру жолымен жүзеге асырады, ол рөлді қор мен ҚР ҰБ арасындағы келісім шарт негізінде ҚР ҰБ орындайды. Қор активтерін инвестициялық кірістерді алу үшін шоғырландыру және орналастыру бойынша барлық операциялардың есебін ҚР ҰБ жүргізеді және тоқсан сайын қорға шоттар жағдайы және қор активтерімен инвестициялық қызмет туралы есепті, жасалынған келісім шартқа сәйкес ұсынады. ҚР Үкіметінің қаулысымен қор активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізімі бекітілген: мемлекеттік бағалы қағаздар –

50%, агенттік бағалы қағаздар – 25 % кем емес, ҚР ҰБ салымдар – 30% жоғары емес, екінші деңгейлі банктерге салымдар – 10% дан жоғары емес, мемлекеттік бағалы қағаздармен кері РЕПО операциялары – 50% көп емес, агенттік бағалы қағаздармен кері РЕПО операциялары – 25% көп емес. 2006 жылдың 1 қаңтарына қордың инвестициялық қаржысының құрылымы 20-суретте сипатталған.



20-сурет. 01.01.2006 ж мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының инвестициялық қоржынындағы қаржы құралдарының үлес салмағы.

2006 жылдың басынан Сенімді басқарушы 102690560,2 мың теңгеге қор активтерін орналастырады, оның ішінде 89239113,1 мың теңге өтелді.

Қор активтері тек қана келесі мақсаттарға пайдаланылады:

- әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру;
- тізімі ҚР Үкіметімен анықталатын қаржы құралдарына орналастыру;
- әлеуметтік аударымдардың артық төленген сомасы мен басқа қате аударылған қаражаттарды қайтару.

Қор есеп-қисапты жүргізеді және меншікті қаражаттары мен қор активтері бойынша Қазақстан заңнамасымен белгіленген тәртіпке қаржылық есепті бөлек жасайды.

Мемлекет әлеуметтік аударымдардың мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорында сақталуы мен нысаналы пайдаланылуына кепілдік береді.

Әлеуметтік сақтандырулардың сақталуы төмендегілер арқылы қамтамасыз етіледі:

- қор қызметін оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін, белгіленген сәйкес нормалар не лимиттер жолымен реттеу;

- инвестициялық қызметті ҚР ҰБ арқылы жүзеге асыру;
- қор активтерін инвестициялық басқару бойынша барлық операциялар есебін ҚР ҰБ жүргізу;
- меншікті қаражаттар мен қор активтерінің бөлек есебін жүргізу;
- қор қызметін қамтамасыз етуге шығыстарды шектеуді енгізу;
- жыл сайынғы аудитті жүргізудің міндеттілігі;
- қордың тұрақты қаржылық және статистикалық есептілігін заңнамамен бекітілген тәртіпте жүргізу;
- қор активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдары тізімін ҚР Үкіметімен анықтау.

Қор қаражаттары келесілерге жұмсалады:

- уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы төлеуге;
- жүктілік және бала тууға жәрдемақы төлеу;
- бала туу бойынша бір реттік жәрдемақы;
- балаға 1,5 жасқа толғанға дейін жәрдемақы төлеу;
- жерлеуге жәрдемақы төлеу;
- жұмысшылардың және олардың жанұя мүшелерінің санаторлық– курортты емделуі мен сауықтандыру;
- балалар мен жасөспірімдер үшін санаторий-профилакториелерді, санаторлық сауықтандыру лагерлерін бөлшекті ұстау;
- балаларға мектептен тыс қызмет көрсету шараларын бөлшекті қаржыландыру;
- емдеу орнына бару мен қайтуды қажет ететіндердің жолып төлеу;
- әлеуметтік сақтандыру мен еңбекті қорғау сұрақтары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- жұмыссыздық бойынша жалақы.

Жоғарыда аталған төлемдерден басқа әлеуметтік қамтамасыздандыру нысанындағы басқа төлемдері бар:

- кәсіби – техникалық оқыту;
- жұмыссыздарды қайта оқыту;
- мүгедектерді қайта оқыту мен жұмысқа орналастыру, еңбекке жарамсыздарды интернат үйлерінде ақысыз ұстау;

- мүгедектерді мото және автоколескілермен, автомобильдермен жабдықтау және протездеу, үйде көмекті ұйымдастыру және т.т.

Қорға әлеуметтік жарналарды төлеу әлеуметтік салықтың құрамдас бөлігі ретінде есептелген жалақының барлық түрінен 4% мөлшерде заңмен белгіленген тарифке сәйкес жүргізіледі, ол ҚР 11 % құрайды. Қалған 7% азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету үшін МЖЗҚ бөлінеді. Бұл 1998 ж 1 қаңтарынан бастап жұмыс істейді.


Сақтандыру жарнасының есептелу толықтығы мен уақытылығына бақылауды тікелей қор мен мемлекеттік қаржы қызметі жүргізеді, ал қаражаттарды дұрыс пайдалануға бақылауды қор мен кәсіподақтар жүргізеді.

Қорды басқару, ал аймақтық бөлімдерде – үйлестіру кеңестері құрылады.

Қорды басқару қызметі ҚР Үкіметімен тағайындалатын төрағамен басқарылады.

Жәрдемақыны тағайындау еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігімен жүзеге асырылады. Ана болумен байланысты жәрдемақыны жұмыс істейтін әйелдер үшін жұмыс беруші, әлеуметтік салықтық бюджетке аударылатын тоқсан сайынғы сомасын азайта отырып, төлейді.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры дербес, экономикалық категория болып табылмайтын, әлеуметтік қамсыздандыруға тәуелсіз параллель жұмыс істейтін әлеуметтік сақтандыру функциясын іске асырады. Керісінше, әлеуметтік сақтандыру әлеуметтік қамсыздандыруға жекенің тұтасқа қатысында болады және әлеуметтік қамсыздандырудың бір нысаны болып табылады.



16.4.

ҚР Ұлттық қоры

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры (ҚР ҰҚ) ҚР ұлттық банкіндегі ҚР Үкіметінің есеп шотында жинақталатын қаржы активтері түріндегі активтерін көрсетеді. Ол мемлекеттің тұрақты

әлеуметтік-экономикалық дамуын, материалдық емес активтерден басқа қаржы активтерінің жинақталуын, мұнай секторынан тәуелділікті төмендету мен қолайсыз сыртқы әсерлерді төмендетуді қамтамасыз етуге арналған.

Ол жинақтау және тұрақтандыру функцияларын орындайды. Жинақтау функциясы ҚР ҰҚ қаржылық активтері мен активтердің кірістілігін тәуекелдің қалыпты деңгейінде ұзақ мерзімді болашаққа жинақтауды қамтамасыз етеді. Тұрақтандырушы функциясы ҚР ҰҚ активтерінің өтімділігінің жеткілікті деңгейін ұстауға арналған.

ҚР ҰҚ сенімді басқаруды олар мен Үкіметтің арасындағы келісім шарт негізінде ҰБ жүзеге асырады.

ҚР ҰҚ қалыптастыру көздері:

- мұнай секторы ұйымдарынан тікелей салықтар, корпоративтік табыс салығы, үстеме пайдаға салық, пайдалы қазбаларды өндіруге салық, бонустар, өнімді бөлу бойынша үлес, экспортқа ренталық салық, өнімді бөлу туралы келісім бойынша қызмет негізінде жер қойнауын пайдаланушыларға қосымша төлем;
- мұнай келісім шартын бұзғаны үшін түсімдер;
- кен өндіру және өңдеу салалары бойынша республикалық меншіктің мемлекеттік мүлкін жекешелендіруден түсетін түсімдер;
- ҚР ҰҚ активтерін қаржы құралдарына орналастырудан құралатын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер.

ҚР ҰҚ келесілерді қамтамасыз ету үшін қаржы құралдарына орналастырады:

ҚР ҰҚ сақтау;

- оның өтімділігінің жеткілікті деңгейін ұстау;
- тәуекелдің қалыпты деңгейінде ұзақ мерзімді болашаққа кірістіліктің жоғарғы деңгейін;
- ұзақ мерзімді болашаққа инвестициялық кірісті алу.

ҚР Ұлттық қоры республикалық бюджетке ҚР Ұлттық қордан кепілдендірілген және нысаналы трансферттері үшін, ҚР ҰҚ басқаруға және жыл сайын аудитті жүргізуге қолданылады.



Бақылау сұрақтары:

1. Бюджеттен тыс қорлардың тағайындалуы қандай?
2. Бюджеттен тыс қорлардың жіктелімін келтіріңіз.
3. Бюджеттен тыс қорлардың кірістері мен шығыстарын атаңыз.
4. ЖЗҚ мәртебесін анықтаңыз.
5. Зейнетақы қорларының түрлерін, оларды құру, жинақтау және жұмсау тәртібін атаңыз.
6. МЖЗҚ ерекшелігі неде?
7. ЖЗҚ қалай құралады және әрекет етеді?
8. Қазіргі заманғы қазақстандық зейнетақы нарығының көрсеткіштерін атаңыз.
9. МЖЗҚ тағайындалуы мен функциялары қандай?
10. ҚР ҰҚ қаражаттарының тағайындалуы, құрылу көздері мен жұмсалыу бағыттарын атаңыз.



МЕМЛЕКЕТТІ КРЕДИТ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ

17-тарау. Мемлекеттік кредит.....	524
18-тарау. Сақтандырудың экономикалық және әлеуметтік негіздері.....	536
19-тарау. Сақтандыру ұйымдарының нарық жағдайындағы қызметі.....	564